

мәнін қорытып, жаңа көркемдік синтез жасауында. Бұл реттен алғанда, Абайға арғы-бергі әлем әдебиетінен теңдес табу қиын» [5].

Абай салған дәстүрдің қарапайым халыққа түсінікті болғаны сонша, оның шәкірттері орыс әдебиетіндегі поэмалар мен романдарды алып қазақша жырлауға көшті. Шәкәрім, Әсет, Әріп, Көкбай ақындар Абай дәстүрін жалғастырушы болды. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті бұрын-соңды болмаған биік деңгейге көтерілді. Абайды ұстаз тұтқан Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Ақмолда, Мағжан секілді ұлы ойшылдар мен Әлихан, Жүсіпбек, Ахмет секілді Алашорда қайраткерлері бұл дәстүрді тереңдете түсті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.А. Алтаев, Ж.А. Амиркулова «Әл-Фараби шығармашылығындағы дін мен философияның ортақтастығы». // ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №3 (44). 2013.
2. Султанова Н.К. Преимущество и внедрение социально-гуманитарных идей А. Кунанбаева, Ш. Кудайбердиева, М. Ауэзова в учебно-воспитательном процессе. // Наука, образование, общество. 2015, N 2(4).
3. Кенжетеев Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымындағы адам мәселесі. Автореферат. – Алматы, 2002.
4. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. – Алматы, 1986.
5. Бақыт Әбжет. «Ясауи мен Абай мектебі: дәстүр жалғастығы». // Сыр бойы. 26.09.2020ж.

Ермұхан Бекмахановтың өмірі мен ғылыми-ағартушылық қызметі

Куттымуратова Ф.К.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі, аға оқытушы Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Ол Абай айтқан ақыл, қайрат, жүрек үшеуін бірдей ұстап халқымызды шын сүйе білді, оның отына күйе білді. Сүю аз, оны әркім-ақ бастан кешіреді.

Ең қиыны – халық қайғысының отына күйе білу.

Екінші жақсы көрген және жақсы көретін себебім,

Москваның атақты, үлкен тарихшы ғалымдары оны шын пейілімен құрметтеп сыйлайтын, онымен ашық пікірлесіп сырласатын, санасатын.

Бұл – үлкен жеңіс. Мен оның сыртынан да жылы лебіз білдірген туысқан республикалар тарихшыларын талай кездестірдім.

Ермұханды үшінші жақсы көрген және жақсы көретін себебім, басына ашылмас қайғының қара бұлты қат-қабат төнгенде де

халқымыздың болашағынан үміт үзген жоқ.

Бауыржан Момышұлы

Қазақ тарих ғылымы осы кезге дейін ел шежіресін жазуға үлес қосқан ғұламаларын әлі түгендей алмай келеді. Ерте замандарды былай қойғанда, тіпті кейінгі кеңес дәуіріндегі қазақ тарихын кімдер жазып, қандай еңбектер қалдырды деген сауалға Қазақстан тарихнамасы толық жауап бере алмай отыр. Басқа озық елдердегідей біздің ғылыми тарихнамамыз да (тарих ғылымының тарихы) әлі жасалған жоқ тарихнама пәні университеттердің оқу жоспарында бұрынғы КСРО, дұрысында орыс, тарихшыларының тұжырымдамаларын таныстырумен шектеледі. Сонымен бірге кезінде қудаланып, жабық қоймаларға қамалып, жұрт пайдалана алмаған, тіпті көзі жоғалуға айналған құнды еңбектер де, аты атаусыз кеткен, жазықсыз жалаға ұшыраған көрнекті зерттеушілеріміз де бар. Осындай еңбектер мен олардың авторларын елге таныстыру да қазіргі дәуірдің таяудағы игілікті ісі болса керек. Оқушы қауымға ұсынылып отырған, сталинизмнің құрбаны болған,

тұңғыш кеңес тарихшыларының бірі әрі бірегейі, кеңес тарих ғылымында доктор атағына алғаш ие болған азаматымыз профессор, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ермұхан Бекмаханов.

Ермұхан Бекмаханов қазақ тарих ғылымының, халқымыздың мақтанышы, бірақ өкінішке қарай, оның еңбегі 1950-жылдардың басында қаралы тізімге ілінуі, сталиндік-империялық бұғаудың үзіле бастауы да оның жарыққа шығуына жол ашпауы және ХІХ ғасырдың 20-40-жылдары, оның ішінде Кенесары Қасымұлы бастаған халық көтерілісі отаршылдарға қарсы Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы ұйымдастырған көтерілістерден кейінгі үш жүзді қамтыған ең көлемді бас көтеру болғандығын оның азаттық үшін болған ұлы аттаныс екенін тарихшылар іштей мойындаса да ашық айтуға батылының жетпеуі, жігерсіздік, отарлық тұжырымдаманың жалған интернационализмнің сананы жайлаған уақыты Бекмаханов жазған шындықты тануға бөгет болып келуі үшінде бұл тақырып өзекті [1, 120 б.].

Ермұхан 1915 жылы қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданында № 10 ауылда Жасыбай деген жерде шаруа Бекмахан Бөгеіұлының шаңырағында дүниеге келеді. Бұл отбасы Абылай ханның ұрпағы екені, ал Ермұхан Абылайдан тараған 7-буын екені соңғы кезде ғана анық ашық айтыла бастады. Әкесі Зында Шорманов деген байдың жалшылығында жүріп, 1921 жылы Ермұхан 6 жасқа келгенде дүние салады. Анасы Бәпіш отбасының ауыртпалығын бір өзі көтеріп, үш баласының қамқоршысы болады. Ермұхан Бекмахановтың өз қолымен жазылған өмірбаянында шешем колхозшы, 1932 жылы қайтыс болды дегеннен басқа сыр ашпаған. Шындығында оның анасы мен қарындасы ашаршылықта өліп, денесі қайда қалғаны да белгісіз [2, 178–184]. Ермұхан тек ағасы Діншенің қолдауымен ғана мектепте білім алады. Дінше де 1931 жылы, тым ерте, қайтыс болады. Ермұхан Баянауылда жеті жылдық мектепті тәмамдағаннан кейін 1932 жылы Семейде жоғарғы оқу орнына даярлайтын 1 жылдық курсты оқып шығады. 1933 жылы Қазақ АКСР Оқу-ағарту халық комиссариатының жолдамасымен Воронеж қаласындағы мемлекеттік педагогикалық институтқа қабылданып, 1937 жылы тарих факультетін бітіреді.

Бекмахановтың педагогтық қызметі Алматыдағы № 28 мектепте, 1937 жылы Алматыдағы педагогика ғылым-зерттеу институтында басталып, 1939-1940 жылдары осы институттың директоры болады. 1939 жылы коммунистік партия қатарына өтеді. ҚазПИ-дің аспирантурасын тәмамдап, 1940-1941 жылдары БКП (б) Орталық Комитеті жанындағы жоғарғы партия мектебінде оқып, оны жедел бітіріп шығады. Ұлы Отан соғысы жылдары жас тарихшы өзінің білімін толықтырумен қоса тікелей ғылыми зерттеу жұмысымен де толассыз айналысады, ҚазПИ және ҚазМУ-де дәріс береді. Бұдан әрі Ермұхан Бекмахановтың өмір тарихы былайша өрбиді: 1941-1942 жылдары ҚазКСР оқу халық комиссариатында мектептер басқармасының бастығы, 1942-1944 жылдары Қазақ КСР (б) КП Орталық Комитетінің лекторы, 1943-1948 жылдары ҚазКСР ҒА-ның тарих, археология және этнография институтында (қазір Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты) аға ғылыми қызметкер, біраз уақыт институт директоры С. Юшковтың орынбасары.

Е.Бекмахановтың алғашқы ғылыми ізденістері педагогика саласымен байланысты болады. Мысалы, қазақ мектептері үшін тұңғыш ерте дүние тарихы мен КСРО халықтары тарихы бойынша методикалық құрал жасауға ат салысады. Ол еңбектері 1938-1939 жылдары «Халық мұғалімі» журналында жарияланады. Ал тарих ғылымындағы белсенді ғылыми-зерттеу жұмысы соғыс кезеңімен ұштасады да, ол әрекетінің жемісті басталып, бірден үлкен арнаға ұласуына өзіне білгір ұстаз, қамқор жетекші болған КСРО Ғылым академиясының академигі, белгілі тарихшы Анна Михайловна Панкратовамен кездесуі әсер етті. 1941 жылдың күзінде Мәскеу түбіндегі қауіпті жағдайға байланысты Алматыға Ресейдің ірі тарихшыларының бір тобы эвакуацияланады. Қай кезде де іскер, тынымсыз А.Панкратова оларды әр қалаға бөлшектемей, астанада қалдырып, соғыс талабына сай ғылыми жұмысқа пайдалануды ұсынады. Бұл идеяның басында сол кезде Оқу халық комиссариатында қызмет атқаратын Е.Бекмаханов жүрді. Осылайша құрылған Ресей және Қазақстан ғалымдарының

үлкен шоғыры ең әуелі мектеп оқытушылары үшін соғыс жағдайында тарих пәнін оқыту методикасын тез арада жасап шығарады [3, 134 б.].

Методикалық құрал дереу баспаға беріліп, тіпті Өзбекстанда да жарық көреді. Бұдан кейін орыс тарихшылары мен жергілікті ғалымдардың үлкен шоғыры бірлесіп, ерте дүниеден бастап сол уақытқа дейінгі қазақ тарихының бір томдығын жазу ісіне кіріседі. Бұл оңай жұмыс емес-ті. Орыс ғалымдарының көбі қазақ тарихын бұрын жете білмейтін. Оларға Алматы архивтерінің қоймалары кеңінен ашылып, ал ҚазақКСР-нің кітапханасында арнайы ғылыми оқу залы ұйымдастырылады. Мәскеуден келген тарихшылар қазақ халқының өмірімен де тікелей танысып, музей, театрларға барып, зиялы қауыммен де өзара байланыста болады. Сонымен бірге олардың арасында Ресей халықтары тарихының тұжырымдамаларын терең түсінетін КСРО Ғылым академиясы тарих институтының директоры, академик Греков, Панкратова, Дружининдер болса, сол кезде-ақ Қазақстан тарихын зерттеп, Қазақстан тарихы очеркінің, Сырым Датұлы туралы монографияның авторы Ленинградтық профессор Вяткин, археолог Бернштам, Лурье, тарихшылар Кучхин, Зутис, Миллер, Баевскийлер бар еді. Қазақ Ғылым академиясынан да белгілі ғалымдар, жазушылар М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Е.Исмаилов, Б.Кенжебаев, Покровский, Тимофеевтер де олармен пікірлес болды. Осылардың ішінде ең жасы да, бірақ көзге түсер іс атқарғаны да Е.Бекмаханов еді. «Қазақ КСР тарихын» редакциялауға жоғарыда есімдері аталғандардан басқа академик Мещанинов, Малов, Сауранбаевтар қатынасты. Жауапты редакторлыққа А.Панкратова және сол кездегі тәріп бойынша республика партия Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Мұхамеджан Әбдіхалықов тағайындалды. «Қазақ ССР тарихын» дайындауда үлкен дау туғызған мәселе 1837-1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлының көтерілісіне байланысты болды. Авторлар ұжымының талқысында Е.Бекмахановтың көзқарасы қолдау тауып, сол тарауды жазу оған тапсырылады [4].

1943 жылы жазда ежелгі дәуірден сол кезге дейінгі кезенді қамтитын тұңғыш «Қазақ ССР тарихы» Алматыда жарыққа шықты. Кеңес республикаларының тұңғыш дербес тарихын жазудың бастамасы болғандықтан және оған соншама беделді ғалымдар күш салғандықтан бұл еңбек бірден көзге түсті. Басылым Сталиндік сыйлыққа ұсынылып, сарапшылардың алғашқы сынынан мүдірмей өтті. Бірақ авторлардың қуанышы көп ұзамай, керісінше, бірнеше жылға созылған бітпес дауға, ал Е.Бекмаханов үшін трагедияға ұласты. Сталиндік сыйлық жөніндегі комитеттің соңғы мәжілісінде КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Яковлев «Қазақ ССР тарихы» орыстарға қарсы жазылған, зиянды кітап деген жөнсіз пікір айтып, сарапшыларды шошытты. Сыйлық берілмейтін болды. Осы саяси қырағы Яковлев кім еді? Оның ойынша, Отан тарихы біртұтас КСРО тарихы, яғни «орыс ұлты көзқарасы тұрғысынан жазылған тарих болуы тиіс, әр республиканың жеке ұлттық тарихын жасау зиянды, интернационализм принципіне сай келмейді. Бұл негізінен сталиндік тұжырымдамаға сай келетін догмат, қатаң, ұлы державалық шовинистік көзқарас еді. Бірақ сол кездегі идеологиялық, саяси жағдайда «Қазақ ССР тарихының» авторлары үшін қауіпсіз де емес екенін кейінгі оқиғалар толық дәлелдеді. [5].

Қазақ халқының тарихына субъективті, біржақты көзқарас А.Панкратова бастаған ғалымдар тобын бейжай қалдыра алмады. Тарих майданындағы жағдайды талқылауды А.Панкратова ВКП(б) Орталық Комитетінің алдына қояды. Ұсыныс қабылданып, 1944 жылы 29.V.-8.VII аралығында көрнекті кеңес тарихшыларының жиналысы өткізіледі, оны ВКП(Б) ОК хатшысы Щербаков басқарып, жиналысқа тағы ОК-тің екі хатшы Андреев пен Маленков қатысып отырды. Бірақ ОК шақырған кеңес мақсатқа жеткізбеді, тарихшылар екі ұдайы пікірде қалды, ал партия хатшылары пікірлерін айтудан бас тартты. Бұған көңіл толмаған А.Панкратова ОК атына жазған хатында Яковлевтің көзқарасы «Қазақтардың ұлттық сезіміне терең қаяу салады» деп көрсетті (Письма Анны Михайловны Панкратовой. - Вопросы истории, 1988, № 11. с. 54-79).

Кеңестен кейін Яковлевтің өзі А.Панкратоваға келіп «Қазақ ССР тарихында» әр жерден 10 беттен аспайтын көлемде өзгеріс жасау қажет. «Жалпы кітап жақсы», деп көлгірсуі екі жүзділік пе, әлде шындықты мойындау ма? Түсіну қиын. Дегенмен кеңестегі

азшылықтың пікірі баспасөз арқылы елге тарап кетті М.Морозовтың рецензиясы «Большевик» журналында жарияланды [5]. М.Морозовтың қазақ тарихының маманы еместігі ғылыми жұртшылыққа айдан анық. Ол негізінен кеңестегі теріс пікірді жинақтаушы ғана. Ал теріс пікірдің ауыртпалығы алдымен Е.Бекмахановқа түсті.

Ермұхан Бекмаханов 1943 жылы 28 маусымда Мәскеуде «Қазақтардың Кенесары Қасымұлы басқарған азаттық күресі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ал 1946 жылы Е.Бекмаханов докторлық диссертациясын қорғап, оны «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарында» деген атпен 1947 жылы жарыққа шығарды. Осыдан соң Кеңесары көтерілісін сынаушылар анықтан-анық Е.Бекмахановқа ауыз сала бастады. Бұрын «Қазақ ССР тарихына» бағытталған сын-пікір Е.Бекмахановтың монографиясына ауысты. Бұл әсіресе жергілікті сыншыларға жеңілдік туғызды. Өйткені бір адамға жабылу «Қазақ ССР тарихының» авторларына, беделді ғалымдарға, мәскеуліктерге тиісуден гөрі оңайырақ болды. Оның үстіне 1947 жылы Қазақстан компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының өрескел саяси қателері» туралы қаулысынан кейін «ұлтшылдарды» әшкерелеу науқаны басталған болатын. Ең әуелі ВАК-қа Е.Бекмаханов негізінен Рязановтың жарыққа шықпаған қолжазбасын пайдаланған деген арыз түсті. Бұл істі тексерген академик Дружинин плагиат туралы пікірді толық теріске шығарып дәлелдеп берді. 1948 жылы 28 ақпанда КСРО Ғылым академиясының тарих институтында Е.Бекмахановтың монографиясы талқыланды. Бұған Алматыдан әдейі келген тарих ғылымының кандидаты Айдарова қатынасты. Тарих ғылымының кандидаттары Т.Шойынбаев пен М.Ақынжановтың жазбаша пікірлері оқылды. Қазақстандықтар Кенесары қозғалысы реакцияшыл, феодалдық-монархиялық ұлтшылдық сипатта деген ортақ пікір айтты. Бұларға Дружинин, Бахрушин, Вяткин, Кучкиндер қарама-қарсы шықты. Пікірталас қорытындысында академик Греков автордың жеке басына тиісу, оны буржуазияшыл-ұлтшыл деп айыптау ғылыми пікірталасқа жат әрекет екендігіне көңіл аударды. Өкінішке қарай, Мәскеудегі дискуссия да шындыққа, ортақ пікірге жеткізбеді. Жанжал күшейе түсті. Осының дәлелі 1948 жылы шілдеде Қазақ КСР Ғылым академиясында Е.Бекмахановтың кітабына арналған бес күндік дискуссияның материалдары. Мұнда кітапты сынаушылар тарапынан өте қатал пікір мен ұсыныстар болғаны көңіл аударарды. Мысалы: «Бекмахановтың кітабы мазмұны жағынан негізсіз, буржуазияшыл ұлтшылдық сарындағы идеясыз еңбек. Сондықтан оны пайдаланудан дереу шығарып тастау қажет». Немесе: «Еңбек ғылыми жағынан шатасқан, идеялық жағынан зиянды», «Кітапты Мәскеуде қолдаған жолдастар Бекмахановтың ұлтшылдық ауытқуын заңдастырып отыр» деп ауыр айыптар тақты.

1950 жылы 26 желтоқсанда Правда газетінде Шойынбаев, Айдарова және Якуниннің «Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан баяндайық» деген қатал сын мақаласын жариялады. [7]. 1951 жылы 16 қаңтарында Е.Бекмаханов партиядан шығарылып, университеттен шығарылды. Бір аптадан кейін ол барлық ғылыми дәрежелер мен атақтардан айырылды. Бірақ ол күресуді жалғастырды, өйткені оның артында әйелі мен кішкентай балалары болды. Талантты зерттеуші, ғалым Е.Бекмаханов ауыл мектебінде оқытушылық қызметке рұқсат алу үшін түрлі инстанциялардың табалдырығын тоздыруға мәжбүр болды. Алдымен оны Алматы облысының Нарынқол ауданына жіберді. Кейін Жамбыл облысы Шу ауданындағы Новотроицк ауылына ауыстырылды.

1952 жылы 5 қыркүйекте Е.Бекмаханов Новотроицкіде тұтқындалып, Алматыға әкелінді. Тергеу үш айға созылды. Е.Бекмахановқа қысым көрсетілді. Сот 1952 жылы 2 желтоқсанда өтті. «Для обоснования своих буржуазно-националистических взглядов использовал произведения реакционных поэтов, а также врагов народа – алашординцев, боровшихся против Советской власти», – бұл сот құжаттарынан үзінді ғана. Үкім қатал болды. ҚК-нің 58-10-бабының 2-бөлігіне сәйкес, сот Ермұхан Бекмахановты еңбекпен түзеу лагерінде 25 жылға бас бостандығынан айырды. Осыдан кейін ғалым Иркутск облысының Бодайбо қаласына жіберілді. Ермұхан Бекмаханов жоғары органдарға хат жазуды тоқтатқан жоқ, Халима күйеуі үшін Мәскеуге бірнеше рет барған. Босату туралы мәселені тарихшы Анна Михайловна Панкратова көтерді. Алайда, ғалымға бостандық Сталин қайтыс

болғаннан кейін, Анна Панкратова Н.Хрущевтің жеке қабылдауына жазылып, Е.Бек ахановқа бостандық беруді сұраған кезде ғана берілді. ССРО Жоғарғы Советі Президумының мүшесі А.Панкратованың өтініші аяқсыз қалмай, 1954 жылғы 14 ақпанда Е.Бекмаханов толық ақталып шығады. 1954 жылы 16 ақпанда КСРО ИМ Лубянкада Ермұхан Бекмұхановқа қарсы қозғалған істі тоқтату туралы анықтама берілді [5].

1958-1966 жылдар ғалымның өміріндегі тыныш, әрі жемісті жылдар болды. Бұл оған бұйырған соңғы жеті жыл еді. Мұнда кафедра жанынан аспирантура ашу, мектеп оқулықтарын шығару, жоғарғы оқу орнына оқулық даярлау, арнаулы ғылыми кеңес ашу, тың тақырыптарда ғылыми зерттеулер жүргізу, одақтық ғылыми кеңестер мен конференцияларға қатынасу т.б. ғылыми-зерттеу жұмыстарын өнімді жүргізді. Е.Бекмаханов бірнеше ғылыми жинақтарға редактор, «Қазақ КСР тарихының хрестоматиясын», Жоғарғы оқу орындарында оқылатын Қазақ КСР тарихы оқулығын, «Очерки истории Казахстана XIX века» атты оқу құралын, көптеген ғылыми мақалалар жазып үлгерді. Е.Бекмахановтың кафедрасы сол аз уақытта 20-дан аса ғылым кандидаттарын шығарды, көптеген талапты жастарға ғылымға жол ашты. 1962 жылы Е.Бекмаханов Қазақ КСР Ғылым академиясына корреспондент-мүше болып сайланды. Сол кезде Е.Бекмахановтың Қазақстан тарихын барлық жоғары оқу орындарына енгізу ойында болатын. Е.Бекмахановтың бұл өміршең идеясы 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланған соң іске асты.

1966 жылы Ермұхан Бекмахановтың денсаулығы нашарлай түсті. Ол жұбайы Халиманы кандидаттық диссертациясын қорғаумен асықтырды. Е.Бекмахановта өкпе обыры болған. Е.Бекмахановтың жағдайы күн санап нашарлай түсті, бірақ ол ешқашан дәрігерлердің нашар емделуіне шағымданбады. «Одно легкое у него было зараженное, а затем заразилось и хорошее. Он сильно простудился когда был в Балатоне в Венгрии», – дейді Халима әйелі. Е.Бекмахановтың жұбайы Халиманың өзі еске түсіргендей, ол өзінің өмірін 10 мамырға дейін ұзартуды өтінді, себебі 1966 жылдың 10 мамырында Халиманың кандидаттық диссертациясын қорғауы тағайындалды. Жерлеу рәсімі 1966 жылы 7 мамырда өтті. Ал 10 мамырда Халима педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жұмысты батыл қорғады, содан кейін бірден күйеуінің қабіріне гүл шоқтарын қойды.

Е.Бекмаханов өмірінде 3 іргелі монография жазды. Тағы да көптеген құнды дүниелер беруге, білім-білігі де, қарым-қайраты да жетіп тұрғанымен, сол кездегі жүйе, сол жүйенің қаталдығы оған мүлде мұрша бермеді. «Пройдут годы, улягутся горячие головы, и люди трезво оценят наше прошлое. Но я уверен, что все эти шумихи не стоят ломаного гроша. Все это можно было делать без жертвы», – дейді Е. Бекмаханов. Ермахан Бекмаханов жөнінде Халық қаһарманы, академик Шапық Шөкин былайша еске алады: «Ұлтымыздың аса көрнекті тарихшысы Ермахан Бекмаханов уақыт бедеріне бағынбаған, шыншыл ғалым болатын. Ол докторлығын екі рет қорғады. Еңбегінің нашарлығынан емес, тыйым салынған Кенесары тақырыбына жазылғандықтан. 1947 жылы Қазан төңкерісінің 30 жылдығына байланысты Одақтық Академия бойынша үлкен салтанатты кеңес өтуі керек болатын. КСРО ҒА-ның басшысы Вавилов Сәтбаевқа телефон соғып, Қазақстан тарапынан баяндама жасайтын адамды айтуды сұрайды. Қаныш Сәпбаев Бекмахановты ұсынады. Жиналыста қағазсыз сөйлеген жас баяндамашыға ғалымдар таң-тамаша болады [6].

Ермұхан Бекмаханұлы қанша қудаланса да, қазақ батырларының қасиеті туралы идеядан қол үзбеді. Оның есімін Одақ ғалымдарына танымал еткен, кейіннен өзін ғана емес, бүкіл қазақ зиялыларын қуғындауға негізгі себептердің бірі болған «XIX ғасырдың 20–40-жылдарындағы қазақ тарихы» (1947) атты еңбегі совет өкіметі жылдарында басылым көрмеді. Тек еліміз егемендігін алғаннан кейін барып, орыс және қазақ тілдерінде жарық көріп, қалың оқырманның рухани игілігіне айналды. Өйткені дарынды ғалымның Кенесары хан бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының тарихын зерттеп, ақиқатты негізде жазып кетуі қазақ тарихының рухын, сол арқылы ұлттың рухын сақтап қалған өте құнды дүние болды. Ұлттың тарихы мен мәдениеті, руханияты жолындағы қай ғалымның болсадағы міндеті – оның тазалығын сақтап, оның ұрпақ

тарапынан әділ бағаның берілуіне мүмкіндік жасау. Бұл бағыттағы ізденуші жас ғалым үшін ең басты міндет – ақиқатқа адал, шындыққа келгенде ұстамды болу. Е.Бекмахановтың ғылыми мұралары бүгінгі біздерге осы қасиетті үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Интернет желісі - <https://e-history.kz/kz/>
2. Әл-Фараби атындағы ҚазМУ профессоры, тарих ғылымдарының докторы А. С. Такенов, <http://bibliotekar.kz/kazakhstan-v-20-40-gody-xix-veka-e-bekmah/ermuhan-bekmahanovich-bekmahanov.html>
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4том. – Алматы: Атамұра, – 2010. – 752 б.
4. Омарбеков Т. Ғалымға ішкі мәдениет, ғылымға өре керек // Қазақ әдебиеті. — № 29 (2815). — 18 шілде. — 6-б.
5. Бекмаханов Е. Жеті томдық шығармалар жинағы. — 7-т. (Естеліктер). — Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005. — 21-б.
6. Каренов Р.С. Ғұмырын ғылым жолына бағыштаған ұлы ғалым, ұлағатты ұстаз. Тарихшы Е.Бекмахановтың туғанына – 100 жыл. – Қарағанды университетінің хабаршысы. 2015. <https://articlekz.com/kk/article/15473>
7. Интернет желісі - <https://yvision.kz/post/470244>.

Ш. Уәлиханов ғылыми мұрасындағы Едіге би тұлғасы

Құлшынбаев Мақсат Төлегенұлы

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, доцент Серубаева А.Т.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Әр кезеңнің өзінің жарқ етіп артына өшпес із қалдырып, елінің тағдыры мен болашағы үшін аянбай еңбек етіп, ғылым мен мәдениетті дамытуда ерекше із қалдырған тұлғалары болады. Талай тағдыр анықтағыш кезеңдерде халқын тарих сахнасынан біржолата жоғалып кетуден аман сақтап, елді дағдарыстан алып шығатын да сол тұлғалар екені хақ. Еліміздің тағдыры үшін XIX ғасыр үлкен бетбұрыс кезеңі болды. XIX ғасырда елімізден шыққан екі дара тұлғаның дүниеге келуі де кездейсоқ емес. Олар Шоқан Уәлиханов пен Абай Құнанбайұлы. XIX ғасырдың бірінші жартысы мен ортасы төл тарихымыздағы елеулі кезең болып табылады. Қазақтың біртуар азаматы - Шоқан осы алмағайып кезеңде өмір сүріп, оның ағартушылық-демократиялық көзқарастары қалыптасты. Шоқан туған халқының тарихын зерттеп, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениетін орыс халқына, одан кейін Еуропа жұртшылығына таныстыруды арман етті.

Шоқан Уәлиханов жас кезінен қазақ халық ауыз әдебиетіне қызығып өседі. Ауылға жиі келіп тұратын халық жыршылары мен аңыз-ертегішілерінің бұған тигізген әсері күшті болды. Шоқан жыр үлгілерін жазып алып, оларды ата-анасына дауыстап оқып беретін. Бала күннің өзінде-ақ ол «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер көкше» жырларының бірнеше нұсқасын жазып, кейінірек оларды өзінің оқытушысы Н.Ф. Костылецкийдің қолына тапсырады. [1, 17 б.].

«Едіге» жыры қазақ халқының ең үздік жырларының бірі. Бұл жырды БК (б) П Орталық комитетінің «Татарстан партия ұйымы бұқаралық-саяси және идеологиялық жұмысының жайы мен оның жақсартудың шаралары туралы» 1944 жылғы тамыздағы қаулысынан соң «Едіге» эпосы халыққа жат деп жарияланды, тіпті, жырдың атын атауға тиым салынды [2, 1 б.]. Жырды зерттеу тоталитарлық жүйе құлап, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкін болды.

Қазіргі уақытқа дейін «Едіге» жыры филология саласында біршама зерттеліп, зерттеу объектісіне айналған [3]. «Едіге» жыры туралы Ш.Уәлиханов, П.Мелиоранский,